

Ұсыныстар

COM/SCHA/REC/001/FINAL

АЛТЫНШЫ ОТЫРЫС

14-СЕНТЯБРЬ, 2018-ЖЫЛ, БИШКЕК ШААРЫ

КИНО және АНИМАЦИЯ ТҮРКІТІЛДЕС ЕЛДЕРДІҢ ТҮРКІ МӘДЕНИТ МҰРАСЫНЫҢ БӨЛІКТЕРІ РЕТІНДЕ

Парламенттік Ассамблея:

Түркітілдес елдердің Ынтымақтастық кеңесінің бесінші саммитінің «ақпарат құралдары және мүше мемлекеттер арасындағы ақпарат саласындағы ынтымақтастықтың дамуының маңыздылығына» ерекше назар аударылған Астана декларациясының ережелерін *есепке алып*,

Бір-бірінің құндылықтарын және ұлттық дәстүрлерін өзара құрметтеу ахуалында түркі тарихи және мәдени мұраны сақтауға *ынталанып*;

ТҮРКПА қатысушы елдерінде ұрпақтардың мәдени сабақтастығын сақтауды *қолдап*

Киноиндустрияның (анимацияның) ТҮРКПА мүше елдерінің халықаралық беделін *нығайтудағы алуан зор әлеуетін* есепке алып,

ТҮРКПА мүше елдерінде салық және кедендік рәсімдерді оңайлату жолымен кинематографшылардың (аниматорлардың) жұмысын жақсарту мен жеңілдетуге бағытталған ынтымақтастықтың, ақпаратпен алмасудың және біріккен әрекеттердің басымдықтарын *жете түсініп*,

Ұлттық Парламенттерге келесіні ұсынады:

- a) кино мен анимацияның түркітілдес елдердегі ортақ ақпараттық және әлеуметтік-мәдени кеңістікті дамытудың құралы ретінде *тану*;
- b) кино мен анимация саласындағы белсенді өңірлік және ек жақты ынтымақтастықты дамытуға бағытталған *талпыныс жасап көру*(қатысушы елдерде практикумдарды, семинарларды, кездесулерді, фестивальдерді,

бірлескен жобаларды, бірігіп продюсерлік ету, бірлескен дистрибуцияны, бірлескен жобаларды және т. б. өткізу)

- c) кино және анимация саласындағы мемлекеттік-жеке меншік серіктестік туралы ТҮРКПА мүшелерінің заңнамаларын және стратегиялық бағдарламаларын *зерделеу*;
- d) кино мен анимация бойынша зерттеулер деректерін *жалтылау*;
- e) түркітілдес елдер арасында фильмдерді бірлесіп шығару бойынша күштерді *нығайту*, Түркияның «EurImage» және «AudiovisualEureka» сияқты еуропалық ұйымдар мүшесі ретінде тәжірибесін зерттеу;
- f) ТҮРКПА Хатшылығында түркітілдес елдер заңнамасының хабын (электронды және қағаз нұсқаларын) ол үшін салыстырмалы қор құру мақсатында құру туралы шешемді *құптау*;
- g) ТҮРКПА мүше елдерінің әрқайсысының кино мен анимация саласындағы заңнамасын *зерттеу*;
- h) кинематографшылар мен аниматорлар үшін салықтар саласындағы нормативтік ережелерді *оңайлату*;
- i) ТҮРКПА қатысушы елдер арасындағы салық саясатын фильмдер мен анимация өндірушілері үшін салық жеңілдіктері, кіріс салығын төлеуден ішінара босату, сатылымдардан салықтан босату, орын беру, басқа жеңілдіктер бөлігінде *қайта қарау*
- j) кедендік рәсімдерде кинематографшылар мен аниматорлар үшін арналған нормативтік нормаларды *жеңілдету*;
- k) ТҮРКПА мүшелерінің аймақтарында жоғары сапалы кино мен анимацияны бірлескен өндіруге мүмкіндік тудыратын төрт жақты Тұжырымдама *келешегі туралы ойластыру*;
- l) халықаралық фестивальдарда ТҮРКПА қатысушы елдердің халықаралық беделін нығайту үшін ынтымақтастықтың алуан зор әлеуетін *жете түсіну қажет*;
- m) киноиндустрия мен анимация саласындағы мамандармен алмасуды және олардың бірлескен қызметін *ынталандыру*;
- n) киноиндустрия мен анимацияның техникалық базасын нығайту және жаңғырту бойынша кейбір ортақ бағдарламаларды *әзірлеу*;

- o) ТҮРКПА атысушы елдердің ұлттық кинокомпаниялары, кинематографшылары мен аниматорлары арасында әртүрлі диалогтарды ұйымдастыру;
- p) фильмдердің және анимациялардың аудармасы мен дубляждануын *бір-біріне табыстау*, қақас еститін адамдар үшін және көру қабілеттері нашарлаған адамдар үшін арналған нұсқаларды қоса алғанда;
- q) кинематографшылар мен аниматорлардың бірлескен жастар кездесулерді ұйымдастыруға және өткізуге *жәрдемдесу*;
- r) кинематография және анимация саласындағы жас мамандарға кәсіби қолдауды дамыту;
- s) ТҮРКПА қатысушы елдері арасында кино және анимация саласындағы ынтымақтастықтың басымдықтарын *анықтау*;
- t) анимациямен байланысты белгілі салаларда мықтылау білім беру инфрақұрылымын құруды қолдаудың *қажеттілігін жете түсіну*;
- u) Түркі институттармен (Түркітілдес елдердің Ынтымақтастық кеңесі, ТҮРКІСОЙ, Халықаралық Түркі Академиясы, Түркі мәдениет мұрасының Халықаралық қоры) тығыз *бірлесіп әрекет жасау*;
- v) сарапшылардың «ТҮРКПА қатысушы елдерінің кино және анимация саласындағы заңнамасы. Кино және анимация Түркі мәдениет мұрасының бөліктері ретінде» Семинардағы пікірлерінің тәжірибелік пайдалылығын *бағалау*. Семинарды ТҮРКПА 2018 жылғы 13-14 қыркүйекте Бішкекте Қырғызстан Жоғарғы Кеңесінің қолдауымен өткізді. Семинар министрліктер өкілдері, кинематографшылар және аниматорлар арасындағы ынтымақтастықты нығайтуда маңызды рөл атқарды;
- w) ТҮРКПА-ға мүше елдердің режиссерлар мен аниматорлары үшін *интернет-порталды құру*, олардың арасында тікелей байланыс орнату үшін *форум-платформаны құру*, сондай-ақ, сол порталдың ішінде ерекеше рубрика ретінде ТҮРКПА мүше елдердің *кино және анимация саласындағы заңнаманың мәтіндерін еңгізу*;
- x) Түркітілдес мемлекеттердің *кинофестивалін құру* туралы ТҮРКПА-ға мүше елдердің режиссерлар мен аниматорларының ниеттерін құзыретті Түркітілдес ұйымдарының назарына жеткізу;
- y) *Түркітілдес фильмдер мен анимацияны тарату үшін Түркітілдес елдердің мамандандырылған агенттігін құру* туралы қажеттілік туралы режиссерлар

мен аниматорларының ниеттері бойынша құзыретті Түркітілдес ұйымдарды хабардар ету;

- z) Қырғызстандық аниматорларға Қазақстанда тәжірибе алмасу мақсатында және Қазақстандық операторларға Қырғызстанда *стажировкаларды өтуін ұйымдастыру*.